

**«2022/2023 оқу жылы бойынша мектептің өзін-өзі бағалау жұмысын ұйымдастыру»
мәселесі бойынша №7 педагогикалық кеңестің үзіндісі (15.06.2023ж.)**

Гумарова Г.У.:

Қазақстан Республикасы «Құқықтық актілер туралы» Заңның 56-бабының 1-тармағына сәйкес білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалайын ұйымдастыру және жүргізу кезінде бірінші тәсілді қамтамасыз ету мақсатында 2022 жылдың 12 қыркүйектегі №396 (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім беру саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті) республикалық мемлекеттік мекемесі ережесінің 19-тармағының 4-тармақшасына сәйкес берілген бұйрықты негізге алу және «Білім беру ұйымдарын өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу» бойынша берілген әдістемелік ұсынымды басшылыққа ала отырып мектептің әкімшілік мүшелері, өз жұмыстарының тармақтарын тиянақты, уақылы жүргізілуін қамтамасыз ету керек. Соған байланысты өзін-өзі бағалау бойынша жүргізілетін жұмыстарды сапалы жүргізу мақсатында мектепте арнайы комиссия құрамы құрылады және әр қызметкер өз саласына қажетті есептерді жүргізіп, бағалау өлшемшерттары бойынша қандай пайыз көрсеткішіне жататынын анықтайды.

1. Комиссия төрайымы – Гумарова Г.У. (мектеп директоры);
2. Комиссия мүшесі – Еримова К.Б. (оқу ісі жөніндегі орынбасар);
3. Комиссия мүшесі – Есенбаева К.Б. (тәрбие ісі жөніндегі орынбасары);
4. Комиссия мүшесі – Жайкина Г.Г. (директордың шаруашылық ісі жөніндегі меңгерушісі)

Оқу ісінің меңгерушісі - К.Б.Еримоваға:

- Педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесін шығару;
- Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесін шығару;
- Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесін шығару;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі
- «Kundelik.kz» электронды журналының дұрыс жүргізілуін, пән бойынша КТЖ толтырылуын, бағдарламаның орындалуы, үй тапсырмаларының берілуін, бағалардың нормаға сай толтырылуын қадағалау.

Шаруашылық ісінің меңгерушісі Г.Г.Жайкинаға:

- Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы

- Гимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 тіркелген) сәйкес жағдай жасалуы (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу)

Кітапханашы Б.С.Жаксыбаеваға: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі туралы есеп жүргізу.

Тәрбие ісінің меңгерушісі – К.Б.Есенбаеваға: білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру туралы жұмыстар бойынша есеп жүргізу.

Қ.Б.Еримова: Қазіргі қолданыстағы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген бағалау өлшемшарттары бойынша жұмыстанатын боламыз. Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдағы 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13 қосымшаларды толтыру қажет.

Гумарова Г.У.: аталған жұмыстардың барлығы 21 маусымға дейін қорытындыланып, Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 4-қосымшасы «Бағалау парағымен» қоса 22 маусымда мектептің ресми сайтына жүктелуі қажет.

Пед.кеңес төрайымы:

Хатшы:



Гумарова Г.У.

Ибрашева К.Н.



030000, Ақтөбе қаласы, Ж.Шернияз көшесі, 47
тел.21-22-47, email: Svosh44@mail.ru

030000, город Актөбе, ул.Ж.Шернияза, 47
тел.21-22-47, email: Svosh44@mail.ru

2023 жыл «15» маусым

№ 49 н/к

«15» июня 2023г

«Білім беру қызметінде өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу туралы»

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы №319 Заңының 59 бабы 4-1 бөлімі талабына және «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің шығыс хатына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

Білім беру қызметінде өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу барысында төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттар басшылыққа алынсын:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы.
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы.
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 31 желтоқсандағы №14 бұйрығымен бекітілген нұсқаулық.
4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдар.

Жоғарыда аталған мемлекеттік аттестаттау өткізу кезіндегі нормативтік-құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып «Өзін-өзі бағалау» білім беру ұйымдарының бағалау өлшем шарттарына сәйкес жүргізілсін.

5. Өзін-өзі бағалау жұмыстарын орындау мақсатында төмендегідей құрамда комиссия құрылсын:

Гумарова Г.У. – мектеп директоры, комиссия төрайымы

Комиссия мүшелері:

1. Еримова К.Б. - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;
 2. Есенбаева К.Б.- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
 3. Жайкина Г.Г. - шаруашылық меңгерушісі.
6. 2023 жылдың 15 маусымында өзін-өзі бағалау жұмыстары басталып, 21 маусым күні өзін-өзі бағалау материалдары интернет - ресурстарына (сайтқа) жүктелсін.
 7. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өз құзырымда қалдырамын.

Бұйрықпен танысты:

К.Б.Есенбаева

К.Б.Еримова

Г.Г.Жайкина



Мектеп директоры

Г.Гумарова